

– заключение.

Учет требований к подбору задач, проведение самой игры делает игру более успешной, оставляя у учащихся приятные впечатления, а также у учащихся возрастает интерес к информатике.

Используя момент игры в проведении внеклассных занятий на уроках информатики, Практика учителей показала, что момент игры влияет на развитие познавательного интереса к информатике.

#### **Список использованных источников:**

1. Дейкина А.Ю. Познавательный интерес: сущность и проблемы изучения. 2002 г., с.78.
2. Зайцева И.А. Формирование познавательного интереса к учению как способ развития креативных способностей личностей. Ноябрьск, 2005 г., с.29.
3. Столяренко Л.Д. Основы психологии: практикум. 2003 г., с.53.

#### **Айтбенова А.А.<sup>1</sup>, Піржан М.Б.<sup>2</sup>**

1. Ғылыми жетекші, педагогика магистрі, аға оқытушы
2. «Информатика» мамандығының 4 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы

### **PREZI ТЕХНОЛОГИЯ – МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯЛАР ЖАСАУДАҒЫ ДҰРЫС ШЕШІМ**

Жаңа технологиялар арқылы жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру, өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасау үшін білім беру ісін әлеуметтендірудің маңызы зор.

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Соның ішінде, білім беруде пайдаланылатын жаңа ақпараттық технологияларға, мультимедиялық құралдарға қызығушылықтарын атап өтпеуге болмайды [1].

*Мультимедиа* (multimedia – көп орталы) – бұл әр түрлі физикалық көрсетілімі бар (мәтін, графика, сурет, дыбыс, анимация, видео) және әр түрлі тасушыларда орналасқан (магниттік және оптикалық дискілер, аудио және бейнетаспалар) ақпаратты өңдеумен байланысқан компьютерлік технологиялар ауданы. Мультимедиа құралдары – бұл әр түрлі орталарды қолданып (дыбысты, видео, графиканы, мәтінді, анимацияны) адамға компьютермен араласуына мүмкіндік беретін ақпараттық және бағдарламалық құралдар кешені. Мультимедиа жарнамалық бизнесте, компьютерлік ойындар жасауда кең қолданылады. Мультимедиа технологияларының қызықты мүмкіндіктері электрондық оқу құралдарын жасауда және басқа оқып үйренуге арналған

материалдар дайындауда көп пайдаланылады. Мультимедиалық технологияларды кеңінен қолдану оқытудың қазіргі компьютерлік технологияларын дамытудың жаңа бағыттарын дамытуға зор үлес қосып келеді.

Презентация ұғымы өзінің толық мағынасында (ағыл. *present* - ұсыну) өзін көрсету, баяндама, жобаны, есеп беруді қорғау, жұмыс жоспарын, дайын өнім мен қызмет, енгізу нәтижесін бақылауды, сұрауларды және басқа да көптеген дүниені ұсыну. Қорытып айтқанда, ойды, адамдар мен өнімдерді, шикізат пен қызмет түрлерін ұсыну - бұл әрдайым презентация.

*Мультимедиалық презентация*- бұл анимацияланған және дыбыстандырылған слайдтар. Мультимедиалық презентацияның басқа стандартты презентациялардан айырмашылығы келесі негізгі элемент комбинацияларынан тұрады:

- Бейне.
- Аудио.
- 3D модель.
- Бейне, фотосурет.
- Мәтін.
- Анимация.
- Навигация.

Мультимедиалық презентация форматының бірнеше түрлері бар, олар:

– Adobe Flash презентация – бұл мультимедиалық презентацияның барлық элементтері жинақталған .swf файл. Бұл презентацияны сайттың веб парақшасына орналастыруға болады. Мұндай презентациялар Adobe Flash CS5, Adobe Flash Builder бағдарламалары көмегімен құрылады.

– PowerPoint презентация – .ppt форматындағы Microsoft компаниясы ұсынған слайдтардан тұратын презентация.

– Бейнефайл – қарапайым бейнефайл ақпараттар тізбегін құрайтын болса, мультимедиалық презентация қызметін атқарады.

Қазіргі кезде мультимедиалық презентациялар жасаудың жаңа бағдарламаларының бірі – Prezi. Prezi презентацияларының негізгі ерекшелігі – тұсаукесер бір тұтас виртуальды парақта орналасады және оның көрсетілімі – осы бетке саяхатты динамикалық масштабтау арқылы көрсетумен жүзеге асырылады.

*Prezi.com* – сызықтық емес құрылымдағы мультимедиалық интерактивті презентациялар құруға мүмкіндік беретін веб-сервис.

*Prezi* – виртуальды құжаттарды оқыту мен идея алмасуда қалқымалы (бұлттық) есептеулер негізінде құрылған презентациялық бағдарлама. Қосымша үлкейтілген көрініс немесе кескінделінетін аймақты 2.5D аясында көруге мүмкіндік беретін, zum қосылған графикалық интерфейске ие. Бағдарлама сызықтық және сызықтық емес ақпараттар арасындағы тұғырнамада көпір ретінде және презентацияда идея айырбас құралы ретінде, не ақысыз, не құрылымдық түрде қолданылады. Мәтін, бейне, сурет және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары кенепте орналасады және кадрларға біріктіріле алады.

Адамдар салыстырмалы өлшемді, құрастырылымның барлық нысандардың арасындағы орындарды және олардың қозғалысын, менталды карта (ақылдың картасы сызба, сөздер, идея, есептеулер және өзге де аналогиялық түсініктерді орталық идея немесе кілттік сөз айналасында орналастыру) құру арқылы тағайындайды. Ақырғы баяндамалар веб-браузер терезесінде көрсетіледі немесе жүктеледі [3].

*Prezi презентацияларының ерекшеліктері:*

✓ Prezi қолданушылары платформамен жұмысты бастамас бұрын сайтқа тіркеледі.

✓ Редактор Freemium моделі негізінде, интернет көмегімен ақысыз жұмыс істеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар ақылы негізде автономды режимде жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

✓ AdobeFlash, Adobe Air технологиясы негізінде жұмыс істейді.

✓ Prezi презентациясы бір тұтас виртуальды парақта орналасады және оның көрсетілімі – осы бетке саяхатты динамикалық масштабтау арқылы көрсетумен жүзеге асырылады.

✓ Презентацияда қолданушыға уақыт үнемдеуге мүмкіндік беретін дайын шаблондар қол жетімді [4].

*Мысалы, Prezi.com веб-сервисінде келесідей жұмыс жасауға болады:*



*Сурет-1. Prezi бағдарламасында жасалынған презентация үлгісі*

*Prezi презентациясының артықшылықтары:*

- Слайдтар арасындағы ерекше ауысулар.
- Flash технологиясы негізінде жұмыс істейтін «Оффлайн-көру пакеті» көру бағдарламасына қосылған. Бұл қаріп және векторлық объектілер салуға

жауап береді. Prezi тұғырнамасында жасалынған барлық сызықтар, кескіндер мен әріптер экранда нақты көрінеді.

- Prezi суреттерді автоматты түрде «созу» функциясы жұмыс істейді. Егер өте үлкен суреттер жүктелсе, онда Prezi оның өлшемін өзгертуді ұсынады.

- Prezi- жасалынған презентация кез-келген компьютерде ашылады. Ол үшін арнайы бағдарлама орнатудың қажеттілігі жоқ.

- Prezi бейнероликтерді YouTube немесе компьютерден қосуға болады.

- Өзіндік кеңістікті құру мүмкіндігі.

- Масштабтау мүмкіндігі: үлкейту және кішірейту.

*Prezi презентациясының кемшіліктері:*

- Ағылшын тілдік сервис;

- Ақысыз версия тек интернет көмегімен қол жетімді.

Prezi – презентациялар жасаудағы жаңа технология. Үлкен кеңістігі, презентация элементтерін жасауға арналған көптеген құралдары мен функционалдық мүмкіндіктері арқылы барлық жерде ерекше ауысулары бар слайдтар жасауға болады.

Қорытындылай келе, Prezi кейбір кемшіліктеріне қарамастан өзіндік универсалды интерфейсі арқылы таңдаулы презентациялардың бірі деп айта аламын.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Чупрасова В.И. Современные технологии в образовании [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://referat.ru/referats/view/14359>.

2. <http://www.ki4.ru/online-branding/36.html>

3. [http://i-cando.ru/super\\_service\\_prezi/](http://i-cando.ru/super_service_prezi/)

4. <https://es.wikipedia.org/wiki/Prezi>

5. <http://prezi-narusskom.ru/>

#### **Сухов М.В.<sup>1</sup>, Подгаец С.В.<sup>2</sup>**

*1. Научный руководитель, кандидат технических наук*

*2. Студент 2 курса, заочного отделения, кафедры информатики и компьютерных технологий, специальность «Информатика»*

#### **РАЗРАБОТКА ЭЛЕКТРОННОГО УЧЕБНОГО ИЗДАНИЯ ПО ДИСЦИПЛИНЕ «ОСНОВЫ КОМПЬЮТЕРНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ»**

Создание и развитие информационного общества предполагает широкое применение информационно-коммуникационных технологий в образовании, что определяется рядом факторов.

Во-первых, внедрение информационно-коммуникационных технологий в образование существенным образом ускоряет передачу знаний и накопленного технологического и социального опыта человечества не только от поколения к поколению, но и от одного человека другому.